ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРОРЫ

ГЕНЕРАЛЬНЫЙ
ПРОКУРОР
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

12.11.2026 №
2-01-26-69351

14 10.2026 жылғы №ДС-69

Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаты
Л.А. Жылқыбаеваға

Құрметті Ләззат Ауесханқызы!

Азаматтардың дербес деректерін қорғау туралы 2026 жылғы 14 қазандағы депутаттық сауалыңызды қарап, келесідей хабарлаймын.

Сіздің сауалыңызда көтерілген мәселелер азаматтар және елдің ұлттық қауіпсіздігі үшін маңызды.

Дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына Конституцияның 21-бабы кепілдік береді.

Аталған құқықтың сақталуын қамтамасыз ету прокурорлық қадағалаудың басым бағыттарына жатады.

Қазіргі уақытта Бас прокуратура дербес деректер және оларды қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – Комитет) қызметіне кешенді тексеру жүргізуде.

Депутаттық сауалда қозғалған сұрақтар, оның ішінде дербес деректерді жинаудың, сақтаудың және берудің заңдылығы, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғау жөніндегі шаралардың толықтығы тексеру барысында мұқият зерделеніп, оларға құқықтық баға беріледі.

Сонымен қатар «Яндекс» компаниясы сервистерінің ақауы, Қызылорда облысы Шиелі ауданының білім беру ұйымдары қызметкерлерінің, сондай-ақ Семей қаласы мектептерінің қызметкерлері мен оқушыларының дербес деректерінің ашық жариялануы туралы деректер бойынша Комитетке тексерулер жүргізу туралы талап жолданды.

Олардың жүргізілу барысы бақылауда.

Құрметпен,

Б. Асылов

Документ подготовил: Ергалиев Дидар Ергалиевич, 7172536@prokuror.kz
Документ подписал: Асылов Берік Ноғайұлы, 12.11.2026 18:46:09

ИС «Қадағалау»20171213

✍ Д. Ергалиев
☏ 30-15-82